


SEOI дегеніміз не?

«Теңізшевройл» ЖШС компаниясымен жұмыс істеуге мүдделі жеткізуші «Жеткізушінің мүдделілігін білдіру» (бұдан әрі – «SEOI») формасын толтырып және сыртқы веб-сайттағы (www.tengizchevroil.com) веб-платформада ұсынып, өз ниетін білдіруі тиіс.



Сұрақтар бойынша:
TCOSEOI@tengizchevroil.com

SEOI платформасында тіркелу қандай да бір төлемдерді талап етпейтінін және «Теңізшевройл» ЖШС тендерге одан әрі қатысуына кепілдік бермейтінін ескеріңіз.

Егер сіз тіркелуге немесе ТШО тендеріне қатысуға төлем жасау туралы өтініш алсаңыз, бұл алаяқтық әрекет екенін ескеріңіз, ресми сайтта көрсетілген байланыс дерегін пайдалана отырып, сенім телефонына дереу хабарлау қажет.

ТШО-ның сенім телефоны:

8-7273-57-44-75



**Теңізшевройл ЖШС
SEOI жүйесінде әлеуетті
жеткізушілерді тіркеу
бойынша жадынама**

ТІРКЕЛУГЕ ҚАЖЕТ НЕГІЗГІ ҚАДАМДАР

SEOI АККАУНТЫН ҚҰРУ

1. Порталға кіріңіз: seoi.tengizchevroil.com
2. «Аккаунт құру» батырмасын басыңыз

3. Келісім шарттарын қабылдаңыз

4. Логин мен құпиясөзді орнатыңыз
5. Электрондық пошта мекенжайын көрсетіңіз
6. Хатта жіберілген сілтеме арқылы тіркелгеніңізді растаңыз

SEOI (Supplier Expression of Interest) – бұл тауарларды немесе қызметтерді ұсынғысы келетін әлеуетті жеткізушілерді тіркеуге арналған «Теңізшевройл» ЖШС-ның веб-порталы.

КОМПАНИЯНЫҢ САУАЛНАМАСЫН ТОЛТЫРУ

1. Компанияның заңды атауы және формасы
2. Тіркеу дерегі (БСН/ЖСН, мекенжайы)
3. Жауапты тұлғалардың байланыс дерегі
4. Жұмыс тәжірибесі мен мүмкіндіктері туралы ақпарат
5. Барлық міндетті өрістер толтырылуы тиіс

ӨНІМДЕР/ҚЫЗМЕТТЕР САНАТТАРЫН ТАҢДАУ

1. Ұсынылатын тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді көрсетіңіз
2. Тізімнен тиісті кодтар мен санаттарды таңдаңыз
3. Бір компания ең көбі 10 санат таңдай алады

ҚҰЖАТТАРДЫ ЖҮКТЕУ

1. Компанияны тіркеу куәлігі
2. Қызмет жүргізуге лицензиялар
3. Сәйкестік сертификаттары
4. Барлық құжат тек SEOI порталы арқылы жүктелуі қажет

ПРОФИЛЬДІ ЖІБЕРУ

1. «Жіберу» батырмасын басыңыз
2. Тіркелгеніңіз туралы растау алыңыз
3. Мәртебесі: «Тіркелген» (1 жылға дейін жарамды)

